

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 маусым N 896. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.17. N 289 қаулысымен

Репатрианттардың (оралмандардың) бейімделуі үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 41, 480-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыруға рұқсат берілген шақырылатын жастағы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі:

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Репатрианттар (оралмандар) арасынан Қазақстан Республикасының шақырылу жасындағы азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін үш жыл бойы."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*